

Список литературы:

1. Зиманов С. Казахский суд биев – общекультурологическая ценность.-Алматы: «Арыс», 2009.- 408 с.
2. Валиханов Ч.Ч Собрание сочинений. В 5 т. Т. 4. Алма-Ата, 1985.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. СПб, 1832.
4. Зиманов С.З. Мир права казахов «Жарғы» - уникальная система права // Специализированный ежемесячный журнал «ЮРИСТ».
5. Жукокова Н. К. Исторические аспекты зарождения и становления института отбора судей: сравнительно-правовой анализ законодательства Российской Федерации, Республики Казахстан и Республики Беларусь. // «Известия Юго-Западного государственного университета. Серия История и право». – Курск: 2015. – 142 с.

XVII-XVIII ғғ. қазақ-қалмақ қарым-қатынастары

Бирмаганбетов Д.Д.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Батталов К.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ұлы Дала көшпелі халықтары — моңғол тілді ойрат-жоңғарлар деп танылатын Жоңғария мен Поволжье қалмақтары мен қалмақ халқының өздерінің (жалпы түркі «қалмақ» сөзі), сондай-ақ, Шығыс Моңғол халхастарының түркітілдес қазақтармен («қырғыз-қайсақ» немесе орыс деректерінде «қырғыз») қарым-қатынасы бірнеше ғасырларды қамтиды. XV ғ. Қазақтардың этнос және мемлекет ретінде Еуразияның тарихи сахнасына шығуымен бір уақытта Жоңғария қалмақтары – ойраттармен қақтығыстар да басталды. Ойраттар XIV ғ. екінші жартысында бүкіл моңғол ханының билігінен шыққан еді. Ендігі кезде билігі шығыста Хангай тауларының батыс беткейлеріне, оңтүстікте Гоби құмдарына, батыста Жетісуға, солтүстікте Ертістің және Енисейдің жоғары беткейлеріне дейін тараған ойрат билеушілері – тайшы, тайжи, контайшы сияқты жетекшілер елді басқара бастады.

XV ғ. бірінші жартысының соңында Жоңғария ойрат-қалмақтарды қуатты Эсен контайшы басқарды. Эсен чорос, дарбэт, торғауыт және хошауыт атты негізгі ойрат тайпалары мен ұрпақтарын бір одаққа біріктіріп, билігін бүкіл Моңғолияға таратып, тіпті Шыңғыс хан мемлекетін қалпына келтіруге үміттенді. Ойраттар өздерінің атамекенін тастап, еркін және көшпелі жерлерді табу мақсатымен батысқа қарай жылжыды. Ол мекен Тянь-Шаньның солтүстігі, қазіргі Жоңғария болып шықты. Бұл жер үшін XV ғасырда мемлекеттілігін Орталық Азиядағы моңғол мемлекетінің қалдықтары, Шағатай ұлысы мекенінде қалыптастырған түркі тектес «туыстары» моғолдармен күреске түскен. Осы уақыттың өзінде ойраттар Сырдарияға өте бастады.

Ойраттармен соғысқа қазақ хандарының алғашқысы болып 1523-1531 жылдары билік еткен Тайыр хан қосылды. Ол ойрат шапқыншылықтарын тойтару мақсатымен таудың етегіне "Жанатан" бекінісін салды. 1626-1627 жылдары ойраттармен күреске Есім хан кіріседі. Есім ханның ұлы, әрі мұрагері — Жәңгір ханның барлық ғұмыры ойраттарға қарсы күреспен өтті. Ол тіпті ойраттардың тұтқынында да болған еді. Жәңгір хан 1652 жылы ойраттармен болған шайқаста Галдан контайшымен жекпе-жекте қаза тапты [1, 596].

XVII ғасырдың ортасына қарай қазақ шекараларындағы жағдай өзгереді. Егер осыған уақытқа дейін қауіп шығыста ойраттардан болса, 1627-1628 жылдары ойрат одағы ыдырап, олардың бір бөлігі көшіп кетуінен, атап айтсақ – хошауыттар Тибетке, ал Хо-Үрлік бастаған саны 250 мыңға жуық адам санымен торғауыттар Төменгі Поволжьеге қоныс аударып, кейіннен Ноғай Ордасының әлсіреуі есебінен Ресей протектораты астында Қалмақ хандығын құруы салдарынан қазақтар үшін қауіп батыстан да төнді. Еділ бойындағы қалмақтар Ресей мемлекетінің құрамында бола отырып, Маңғыстауға дейін жетіп, шапқыншылықтарымен қазақ және Ноғай көшпелілерін алаңдатты. Сол шапқыншылықтар зардабынан ысырылған

қазақтар мен ноғайлар өз кезегінде Маңғыстау түрікмендерінің көпшілігін оңтүстікке, бір бөлігін батысқа және қазіргі таңдағы ұрпақтары – Ставрополь түрікмендері мекен ететін Солтүстік Кавказдың дала аймағына шегінуге мәжбүр етеді.

Оңтүстік және Батыс Сібірдің кең аумағында қоныстанған ойрат тайпалары қиын-қыстау кезеңінен аман өтіп, Чорос князьдарының басшылығымен біріге бастап, 1635 жылы Батыр Қонтайшы басшылығымен Орта Азия тарихындағы соңғы көшпелі империяға айналған Жоңғар хандығын құрды. 1640 жылы қыркүйекте жаңадан құрылған Жоңғария билеушілерінің бастамасымен Тарбағатайда жалпы моңғолдардың съезі – чулган өтті, онда ойрат заңдарының коды «Их Цааз» («Ұлы Кодекс») сыртқы қауіп пен өзара жанжал болу ықтималдығын азайту мақсатында ойраттар басшылығымен бүкіл моңғолиялық заң ретінде қабылданды. Жоңғар мемлекеттілігін құрудағы Батыр Қонтайшының біріктіру шараларының құқықтық негізі болған «Их Цааз» бен қатар XVII ғасырдан бастап жоңғар хандығына бағынышты Шығыс Түркістан және Ыстықкөл маңайындағы отырықшы мекендердегі қалалардың, буддисттік-ламаистік монастырьлардың, жерлердің, қолөнердің дамуымен қатар жүрді. [2; 3]. Кейіннен «Их Цааз» ережелері Қытайды жаулап алып, Ішкі және Сыртқы Моңғолияны (Халханы) бағындырған маньчжурлық Цинь династиясы моңғолдарды билеу мақсатымен қабылдаған моңғолдардың «Цааджин Бичик» заңды ескерткішінің негізі болды [8].

Қазақтардың заңнамалық ескерткіші – Тәуке ханның «Жеті жарғысының» құрылуы шамамен сол дәуірмен байланысты. «Жеті жарғы» мәтіні ойраттың «Их Цааз» мәтінімен сәйкес келуі – екі көшпелі халықтың мәдени байланысын айқындайды. «Их Цааз» және «Жеті жарғы» мәтіндерін салыстыру барысында көп ұқсастықтар табылғанымен, Тәуке ханның «кодексі» 1640 жылғы ойрат «кодексіне» еліктеу болып табылмайды. Бұл екі «кодекс» арасындағы ортақ мәселелердің болуы – XVII ғасырдағы қазақтар мен жоңғар қалмақтарының шаруашылық-өндірістік қызметінің ұқсас жағдайларымен түсіндіріледі [7].

«Жеті Жарғы» секілді "Их Цааз" да таптық сипатқа ие болды, ойрат және қалмақ қоғамдарының дәстүрлі артықшылықтарын заңнамалық түрде бекітіп, оларды "цаган" және "хара ясун" ("Ақ" және "қара сүйек") деп бөлді. Мәселен, қазақтарда ең көп таралған жаза түрі – құн (мүліктік сыйақы, өтемақы) – қылмыскер мен жәбірленушінің әлеуметтік жағдайына байланысты өзгерді, бұл "Жеті жарғының" таптық сипатын айғақтайды, онда әрбір қара халықтан шыққан ер адамды өлтіргені үшін қылмыскер оның туыстарына 1000 қой, әйел адам үшін 500 қой, ал сұлтанды немесе қожаны өлтіргені үшін қара халықтан шыққан жеті ер адамға тең мөлшерде төленді. Өзін-өзі зақымдау, ұрып-соғу және балағаттау үшін олар белгілі бір мөлшерде мал төледі: бас бармақтың бағасы 100 қой, кішкентай саусақ бағасы 20 қойға тең болды. Сұлтанға немесе қожаға айтылған реніш сөз 9 мал санымен жазаланды. Ұрғаны үшін 27 мал беруге тиіс болды. Мұндай қылмыстар үшін ойрат «Кодексі» бойынша жазалар ұқсас болды: «үлкен немесе сұқ саусағынан айырғаны үшін 2 тоғыздық пен 5 мал береді, орта саусағынан айырғаны үшін 9 мал саны, шылдыр шүмек саусағынан айырғаны үшін 5, кішкентай саусақ үшін үш»; «патшаны сөзбен ренжіткеннен бар мүлкін тартып алу; шенеуіктерді ренжіткеннен 9 мал санын; оларды соққылағаннан 5 тоғыздық алу. Кіші патшаларды балағаттағаны үшін 5 мал, қатты соққылағаны үшін 3 тоғыздық, жай саққылағаны үшін 2 тоғыздық алу»[4, 70-71б].

Құқықтық аспектімен қатар мәдени аспектіні, яғни, екі тараптың дипломатиялық тәжірибесіне негізделген, соның ішінде бір-бірімен қарым-қатынаста болған тілдерді қоса айтпаған жағдайда қазақтардың ойраттар, халха-моңғолдары және қалмақтармен байланысының көрінісі бұл уақытта толық болмайды. Ол тілдердің қатарына моңғол, ойрат немесе қалмақ, орта Азия түріктерінің немесе шағатай, парсы немесе жаңа парсы тілдері кірді. Бір қызығы, мұсылманша аты Әбіл-Мансұр болған қазақтардың Орта жүз ханы Абылайдың Санкт-Петербургке Ұрұс бастаған елшілігі Ресей билігімен 1762–1763 жылдары келіссөзді моңғол тілінде жүргізді. 1755 жылы Цинь императоры Цянлунның қазақтарға жолдаған алғашқы хабарламасы Жоңғариядағы маньчжур-қытай әскерлері қолбасшысының штаб-пәтерінде моңғол тіліне аударылды, ал Циннің қазақтарға жіберген елшілігі ойраттарды жол бағыттаушы және аудармашы ретінде қосты. Цянлунның өзі моңғол,

шағатай және тибет тілдерін білген. Оның сарайының қазақ және қоқан хандарымен дипломатиялық хат-хабарлары шағатай (Орта Азия түріктері) тілінде де жүргізілді [5, 646].

Қазақ элитасының кейбір өкілдері, атап айтқанда аталған Орта жүздің Абылайхан және оның замандасы, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс парсы және ойрат тілдерін білген. Цинь елшілігінің аудармашысы қазақ тілінде нашар сөйлегендіктен, қалмақ және парсы тілдерінде түсіндіруге тура келген жағдай орын алғаны белгілі. 1759 жылы Цинь императорының сарайында болған Абылай елшілерін «Абылай сұлтанға хаттарды екі тілде – қалмақ және моңғол қайтарды». Сонымен қатар, орыс дереккөздері «Абылай өзі қытай тілінде оқи алады және жаза алады, әрі еркін сөйлейді» деп хабарлайды [6, 546].

Осылайша, қазақтардың ойраттар-жоңғарлармен, халха-моңғолдармен және қалмақтармен қарым-қатынасы тек соғыс сипатында ғана емес, сонымен қатар, мәдени байланыстар арқылы жүріп жатты. Бұл дипломатиялық тәжірибеде де, осы халықтардың дворян өкілдерінің «әулеттік» некелерінде де, қазақ заң ескерткіштерінде де айқын көрініс тапты. Сонымен қатар, қазақтардың «Жеті Жарғы» және ойрат пен қалмақтардың «Их Цааз», басқа моңғолдардың - «Цааджин Бичик» заңнамалық ескерткіштерінде көптеген ережелері бір-бірімен сәйкес келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. Ч. 2. Исторические известия. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. 334 с.
2. Златкин И. Я. История Джунгарского ханства. 1635–1758. Изд. 2-е / отв. ред. Г. Д. Санжеев. М.: Наука, 1983. 332 с.
3. Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи. XVII–XVIII вв. Алма-Ата: Гылым, 1991. 238 с.
4. Султанов Т. И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). М.: Наука, Гл. ред. вост. лит., 1982. 160 с.
5. Бейсембиев Т. К. Среднеазиатский (чагатай-ский) тюрки и его роль в культурной истории Евразии (взгляд историка) // Рух-Мирас. Казахстанский культурологический альманах. 2004. № 2 (2). С. 58–681.
6. Хафизова К. Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (XIV–XIX вв.). Алматы: Гылым, 1995. 286 с.
7. Тюркологический сборник. 2006. М.: Вост. лит., 2007. С. 77–94.
8. Shygys. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. № 1. С. 53–64.

Алтын Орда хандығындағы ислам дінінің таралуы

Болат Мажит

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. доцент Өскембаев Қ.С.

Астана халықаралық университеті

Ортағасырлық Еуразия елдерінің саяси тарихы мен мәдени даму үшін Алтын Орда хандығы айтарлықтай ықпал етті. Бұл өз кезегінде жекелеген этностар мен территориялардың қалыптасуына жағдай жасады. Қазіргі кезде көптеген халықтар өзінің тарихын дәл осы Алтын Ордамен байланыстырады.

Алтын Орда тарихы мен мәдениетіне көптеген зерттеушілер өз еңбектерін жазған. Соның ішінде Қазақстандағы моңғол дәуірі тарихына байланыстылардың қатарында Д.Оссон, Г.Вамбери т.б ғалымдардың еңбектері бар. Соңғы кезеңдегі Еуропа тарихшыларының ішінен Девин Девис, Чарльз Гальперин сияқты өз еңбектерін тарих сахнасына қоса бастады. Соның ішінде американдық тарихшы Девин Девис Алтын Орда билігіндегі ислам дінінің таралуы барысын барынша көрсетіп кетті [1]. Алтын Орда тұсындағы діни дүниетаным мен ислам дінінің дамуына және діни жүйелердің өзгеруі мен қалыптасу тұрғысында көптеген зерттеушілер өз еңбектерін арнады. Соның ішінде